




«ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Астана 2025


1. АВТОРИЗАЦИЯ

<https://www.pkrezerv.gov.kz> сілтеме бойынша өтіп, «Кіру» батырмасын басыңыз:



2. ТЕСТІЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІНЕН ӨТУ

Тестілеуден өту үшін Жеке кабинеттегі «Іріктеу кезеңдері және нәтижелері» бөлімінде таңдаған уақытыңызда «Тестілеуді бастаңыз» батырмасын басу қажет.



Құрметті кандидат! Тестілеуден өту тек Windows 10 немесе одан жоғары нұсқадағы операциялық жүйелерде жүзеге асырылады. Смартфон/телефон арқылы 360 камераны пайдалану үшін, камераңыз QR кодты оқи алатынына көз жеткізіңіз. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, арнайы қосымшаларды жүктеп алуыңызды сұраймыз.

Кандидат қашықтан қол жеткізу бағдарламалық құралын (мысалы: TeamViewer, AnyDesk және басқа ұқсас бағдарламалар) өзінің жұмыс құрылғысында (ноутбук, компьютер) орнатпауға немесе қолданбауға міндеттенеді.

1. «Тестілеуді бастаңыз» батырмасын басқаннан кейін экранда көрсетілген


Пайдаланушы нұсқаулығы
нұсқаулықтарды орындаңыз.

3. Пайдаланушы келісімімен танысу:
Тестілеуді бастамас бұрын **пайдаланушы келісімімен** танысу қажет.

4. «Бастау» батырмасын басыңыз. Назар аударыңыз: «Бастау» батырмасын басу арқылы Сіз пайдаланушы келісімімен келісетініңізді растайсыз.

4


5. Келесі қадам Тексеруді бастау батырмасын басу:





Тексеруді бастау батырмасын басқаннан кейін жүйе келесі құрылғыларды тексереді: фото дайындығы, авторизацияны тексеру, браузерді тексеру, кеңейтімді тексеру, микрофон мен камераның қосылуын тексеру.

Маңызды! Тестілеу кезінде техникалық қиындықтар болмас үшін микрофон мен камера параметрлерін, интернетке қосылуды алдын ала тексеру қажет.

Маңызды! Егер жүйе микрофон мен камераны пайдалануға рұқсат сұраса, ӘРҚАШАН «Рұқсат ету» батырмасын басу қажет:






6. Келесі қадам – Жеке тұлғаны сәйкестендіру, фотосуретті жіберу:

Начать > Идентификация личности > Подготовка > Подключение

Идентификация личности

Перед началом экзамена вам необходимо отправить своё фото, данное фото будет использовано для аутентификации личности.



Сделать фото

Правила

- Ваше лицо направленно прямо в камеру.
- Ваше лицо отчетливо видно, не затемнено, не прикрыто волосами, руками и также посторонними предметами.
- Перед камерой находитесь только вы и никто кроме вас

Если перечисленные выше правила не будут соблюдены, то система не примет Вашу фотографию.

Фотоға қойылатын талаптар:

- Бетіңіз тікелей камераға бағытталуы қажет;
- Бет анық көрінуі керек, көлеңкесіз, шашпен, қолмен немесе бөгде заттармен жабылмауы тиіс;
- Камера алдында тек Сіз болуыңыз қажет;
- Егер аталған талаптар сақталмаса, жүйе фотосуретті қабылдамайды.

7. Фото сәтті өңделгеннен кейін тестілеу блогын таңдау қажет.

Начать > Идентификация личности > Подготовка > Подключение

Выбор экзамена

Пожалуйста, выберите экзамен, который вы хотите сдать


Поиск

#	Название
10	Этап 1. Оценка способности работать с текстовой информацией (№3) Есть доступ к инструментам

1


Продолжить

8. Жүйе қайта тексеруді жүргізеді:




9. Жүйенің ұсынымына сәйкес қажетті кеңейтімді орнату үшін «Жүктеу» батырмасын басу қажет:


Кеңейтімді орнату сілтемесі: <https://chromewebstore.google.com/detail/eqyzmet-proctoring/naeiaiklfpgiihmlfdkogjhbakhlkenb>




10. Сондай-ақ, прокторинг жүйесіне қосылуға бағдарлама орнату үшін «Жүктеу» батырмасын басу қажет:




11. Құрылғыңызда «Жүктеулер» қалтасынан қосымшаны тауып, ашыңыз.




12. Қосымшаны ашқаннан кейін прокторинг қосымшасын қолмен орнату қажет. Ашылған терезеде «Орнату» батырмасын басыңыз.




13. Тексеру мен орнатудан кейін «Экранмен бөлісу» батырмасын басып, шағын экранды белсендіріп, «Бөлісу» түймесін басу қажет:




14. Одан кейін жүйе 360 камераны пайдалануды ұсынады. Ол үшін экранда пайда болатын QR-кодты смартфон арқылы сканерлеп, шыққан сілтеме бойынша мобильді құрылғыдан өтіңіз. **Маңызды!** Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін Android құрылғыларында Chrome браузерін, ал iOS құрылғыларында Safari браузерін пайдаланыңыз



QR кодын сканерлеп, сілтемені орындағаннан кейін келесі терезе ашылады. Сіз «Бастау» түймесін басуыңыз керек:



Содан кейін «Жалғастыру» түймесін басыңыз:




Осыдан кейін «Дайын» түймесін басыңыз.

Мобильді камераны жұмыс кеңістігі, профильдің бір бөлігі және монитор аймағы көрінетіндей етіп орналастырыңыз.

15. Тестілеу. Мәтіндік/сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тапсырмалар ұсынылған мәтін үзіндісін оқып, мазмұнына сәйкес жауап нұсқасын таңдауды көздейді. Тестілеу ұзақтығы – 25 минуттан аспайды.



16. Тест аяқталғаннан кейін **Тестілеуді аяқтау** батырмасын басып, **ИӘ** түймесімен растау қажет.



Тестілеу нәтижелері экранда және Жеке кабинетте көрсетіледі.

Назар аударыңыз!

«Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау», «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» және «Ситуациялық тапсырмаларды шешу» блоктарынан өту тәртібі бірдей.

Тестілеу алдында міндетті түрде танысып шығуыңыз қажет:


ЕСКЕРТУ! Тестілеу барысында келесі әрекеттерге қатаң тыйым салынады:


Прокторинг жүйесі тестілеу нәтижелерінің сенімділік деңгейін автоматты түрде бағалайды. Бағалау мынадай талаптарды сақтауға байланысты жүргізіледі:

- Сіз тестілеу процесінің толық бейне және аудиожазбасына келісім бересіз;
- Веб-камера бетке дәл бағытталған болуы керек. Жанынан қоюға болмайды;
- Басыңыз толықтай кадрда көрінуі керек. Бастың кадрдан ішінара немесе толық шығуына жол берілмейді;
- Күннен қорғайтын көзілдірік киюге болмайды. Тек мөлдір линзалы көзілдірікке рұқсат етіледі;
- Бөлмеде сізден басқа адам болмауы тиіс;
- Фондық шу немесе бөтен дауыс болмауы керек. Идеал жағдайда – толық тыныштық қажет;
- Компьютерде веб-камераны пайдаланатын барлық бағдарламалар өшірулі болуы тиіс. Тек браузер ғана жұмыс істеуі керек;
- Интернет байланысы тұрақты және жылдам болуы қажет (кемінде 5 Мбит/сек);
- Компьютер немесе ноутбукта орнатылған Chrome браузерінің нұсқасы 95.x.x. немесе одан жоғары болуы тиіс;
- Жұмыс орныңызда: веб-камера, микрофон, жарық жеткілікті болуы, бөгде адамдар немесе артық дыбыстар болмауы қажет;
- Қашықтан басқару бағдарламаларын, ұялы телефондарды немесе басқа электронды құрылғыларды, құлаққаптарды, екінші экранды, қағаз материалдарды пайдалануға болмайды;
- Тестілеу кезінде жұмыс орнын тастап кетуге немесе басқа адаммен сөйлесуге тыйым салынады (оның ішінде телефон арқылы да);
- Браузер параметрлерінде автоматты аударманы өшіру қажет: Баптаулар → Тілдер → «Google Аудармашысын пайдалану» → белгіні алып тастау;
- Бетіңіз камера шолуының ортасында орналасуы тиіс;
- Жарық біркелкі түсуі тиіс, жарық көзі камераға қарсы бағытталмауы керек;
- Шаш, қол, киім немесе өзге заттар бет пен құлақ аймағын жабуға болмайды;
- Тестілеу алдында басты оңға және солға баяу бұрып, құлақтарыңызды көрсету қажет;
- Бас киім киюге тыйым салынады;
- Экран үлкейту қажет болса, «Ctrl» + «+» немесе «Ctrl» + тінтуір дөңгелегін қолдануға болады;
- Скриншот жасауға, фото/видео түсіруге, экран жазбасын жүргізуге тыйым салынады;
- Тест блоктарын қайта тапсыруға болмайды.


Егер жүйені алдауға тырысу жағдайы анықталса, тестілеу нәтижелері жойылады.

Техникалық ұсынымдар:

№	Мәселе	Әрекет
1	«Подключение веб-камеры»/ «Веб-камера қосылмады» қатесі	1) Камераның жұмыс істеп тұрғанына және құрылғыға қосылғанына көз жеткізіңіз. Бұл сілтеме арқылы тексеруге болады: веб-камераны тексеру сайты. 2) Камераның операциялық жүйеде қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Windows: Пуск → Параметрлер → Құпиялылық → Камера → Қол жеткізуді қосу. Браузерді қайта іске қосыңыз. 3) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 4) Камераны пайдаланатын басқа қосымшаларды жабыңыз. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз
2.	«Проверка расширения»/ «Кеңейтімді тексеру» қатесі	Прокторинг жүйесі браузерге қажетті кеңейтімді автоматты түрде орнатуды ұсынады. Жұмыс станциясын тексеру кезінде «Жүктеу» батырмасын басыңыз. 
3.	«Подключение микрофона»/ «Микрофон қосылмады» қатесі	1) Микрофонның жұмыс істеп тұрғанын және құрылғыға қосылғанын тексеріңіз. Оны онлайн микрофон тексеру сайтында тексеруге болады. 2) Жүйеңізде микрофонның қосулы екеніне көз жеткізіңіз. • Windows: Бастау мәзірін ашыңыз > Параметрлер > Құпиялық > Микрофон. «Осы құрылғыда микрофонға қатынасты рұқсат ету» бөлімінде «Өзгерту» түймесін басып, микрофонға қол жеткізу рұқсаты қосулы тұрғанын тексеріңіз. 3) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 4) Микрофонды пайдаланатын басқа қосымшаларды жабыңыз. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
4	Прокторинг жүйесіне қосылу кезінде интернетті тексеру	1) Интернет жылдамдығы кемінде 1 Мбит/сек болуы тиіс. 2) Интернет байланысын тексеріп, тұрақтануын күтіңіз. 3) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
5	«Подключение к серверу»/ «Серверге қосылу» қатесі	1) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 2) Микрофон мен камераны пайдаланатын қосымшаларды жабыңыз. 3) Интернет провайдерді ауыстырып көріңіз (мысалы, басқа Wi-Fi немесе мобильді деректер арқылы қосылу). 4) Маңызды! Мобильді деректерді қолданып жатқанда қоңырау келсе, прокторингпен байланыс үзілуі мүмкін. Сондықтан смартфонда кіріс қоңырауларды өшіру ұсынылады. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.



Экранға қолжетімділік берілгеннен кейін оны жабуға болмайды.



Jivo Chat – тәулік бойы (24/7) жұмыс істейтін онлайн қолдау қызметінің құралы болып табылады.
Сондай-ақ, тәулік бойы +7 700 096 70 74 нөмірі бойынша қоңырау арқылы қолдау қызметі қолжетімді.